


КІТАПХАНАШЫЛАРҒА ЖҮКТЕЛЕР ЖАУАПКЕРШІЛІК КӨП

Егемен еліміздегі барлық жоғары окуорындары секілді біздің Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті Ақпараттық білім беру орталығының ұжымы профессор-окытушылар мен студенттер арасында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Барлық кітапханалар белімдеріндегі жұмыс ескелең заман талаптарына сай жүзеге асырылуда. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелуды Тоқаевтың жыл сайынғы Жолдауларын талқылаудан бастап, сан түрлі ізгілікті де игілікті іс-шаралар атқарылып келеді. Әрине, мұның бәрі біздегі 23 мыңнан студенттің терең білім алыш, болашақта белгілі маман болып шығуна он ықпал етірі анық.

Атап айтқанда, «Ақпараттық Білім Беру Орталығы» толық мәтінді базалары және ИРБИС 64 электрондық каталогымен жұмыс жасау» тақырыбында семинар-тренинг өткізілді. Оған жоғары оку орындары барлық факультеттердің профессор-окытушылары мен студенттер қауымы катысты. Семинар-тренингтің мақсаты – оқырмандарды кітапхана ресурстарымен кеңінен таныстыру болатын. Білім алушыларға ғылыми-библиографиялық белімнің қызыметі және АББО толық мәтінді деректер корлары: «Альма-Матер», «РМЭБ», «Эпиграф», «AkpiPress», «Өлкетану», сандық кітапханасы, әлемдік ғылыми мәліметтер базалары: «EBSCO», «SpringerLink», «ThomsonReuters», «Scopus», «ScienceDirect» және ИРБИС электрондық каталогымен жұмыс жасау барысы терең түсіндірілді. Оқырмандарға кітапхана орындағы барлық толық мәтінді деректер



көзімен жұмыс жасау, ізденіс жүргізу жұмыстары жайында ақпарат берілді.

27-28 қазан күндері астанадағы Назарбаев университетінде «Білімге және кітапханаларға ашық қолжетімділік: жетістіктер мен тенденциялар» тақырыбы аясында Академиялық кітапханалардың 11-Еуразиялық конференциясы өтті. Оған Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім вице-министрі Куаныш Ерғалиев катысты. Қазақстан, Қыргызстан, Өзбекстан, Ресей Федерациясы, Америка Құрама Штаттарынан келген сарапашылар, жоғары оку орындары кітапханаларының, ақпараттық жүйелер мен өнімдерді жеткізуі жетекші үйімдардың басшылары мен мамандары езара тәжірибе алмасы.

Конференцияда талқыланған мәселелер: ғылымға, білімге, білім беру ресурстарына ашық қолжетімділік технологияларын ілгерілетуде жоғары оку орындары кітапханаларының цифрлық трансформа-

циядағы рөлі көрсетілді. Баскосуга Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті Ақпараттық білім беру орталығының директоры Индира Қобланқызы Саурбаева мен оның орынбасары Гулбахира Мынбаева катысып кайтты.

Ақпараттық білім беру орталығының қызыметкерлері оқырман қауымға газет-журнал, кітап беру, интернет қызыметін үсіну, семинар-тренингтер, конференциялар өткізумен ғана шектеліп калмайды. Ақын-жазушылардың мерейтойларын, «дөңгелек үстел» мәжілістерін, сан алуан іс-шаралар, кітап көрмелерін үйімдестеріп тұрады. Кітапханамызда екі миллионнан аса кітап коры бар. Біз 24/7 режимінде жұмыс жасаймыз.

Ақпараттық білім беру орталығы сегіз кітапхана белімінен тұрады:

Гуманитарлық мамандықтарға қызымет көрсету бөлімі. Бөлім менгерушісі – Жанат Жәдігерқызы Ережепова. Осы белімнің

сектор менгерушісі Раушан Ташбулатова жоғары оку орнын бітіріп, жас маман ретінде осы университетте қызық жылдан астам адаптациялік көлікке келеді.

Техникалық мамандықтарға қызымет көрсету бөлімі Ақбота Насырқызы Құлданбаева. Ол ете білімді де белгілі маман ретінде кеңінен таныстал.

Ғылыми-библиографиялық бөлім Айжан Сазанқызы Құралбаева.

Кітапхананы дамыту бөлімі Лаззат Жолдыбекқызы Утегурова.

Жинақтау бөлімі Салима Иркенова.

Жүйелеу бөлімі Ақмереке Сатқанова.

Кітап корын сактау бөлімі Урайла Қалманқызы Ерденнова.

Жаңа технологиялар жөнө электрондық ресурстар бөлімі. Ақмарал Еркінбекқызы Жанбулатоева.

Мемлекет басшысының ариайы Жарлығымен 24 қазан – Кітапханашылар күні болып белгіленді. Біз мұны үлкен қуанышпен қарсы алың, лайыкты турде атап өттік. Өзге салалардың екіншілік сәкілді кітапханашылар қауымына да жүктелер жауапкершілік көп. Жоғары оку орындары профессор-окытушылармен көтөрілді де оның аса кітап коры бар. Біз 24/7 режимінде жұмыс жасаймыз.

Қарлығаш ҮСЕНҚУЛОВА,
Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті Ақпараттық білім беру орталығының кітапханашысы.
Шымкент қаласы.